

93



# САРҒЫТАРҚА

академик С.Байсейітов

**28** қыркүйек, сейсенбі  
2010 жыл  
[www.saryarka-samaly.kz](http://www.saryarka-samaly.kz)

КІТАПХАНА

# САМАЛЫ



№ 109  
(14597)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

# САРЫАРҚАНЫҢ ТӨРІНДЕ

## Жаяу Мұса әндері әуеледі

Үстіміздегі жылдың 24-26 қыркүйек күндері аралығында халық композиторы, белгілі әнші Жаяу Мұса Байжанұлының 175 жылдық мерейтойына орай аймақтық дәстүрлі әншілер байқауы ұйымдастырылды. Оған Павлодар, Астана, Петропавл, Қарағанды қалаларынан барлығы жиырмаға жуық өнерпаз қатысып, бақ сынады. Байқаудың ашылу рәсіміне Павлодар облысының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Жаяу Мұсатанұшы, Қазақстан жазушылар Одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнес Сарай, Қазақстан Республикасының халық әртісі, әнші Қайрат Байбосынов және Жаяу Мұсаның туған-туыстары қатысты.



«Мен XIX ғасырдағы халықтық әндерді шамам келгенше осы күнге дейін жеткізіп, өзімнің азаматтық борышымды толықтай орындадым. Енді менің дарынды шәкірттерім осы асыл мұраларды келешек ұрпаққа қаз қалпында жеткізсе деген арманым бар», - деп келешек ұрпақтан көп үміт күтетінін жасырмады.

Атақты жерлесіміз Жаяу Мұса Байжанұлының 175 жылдық мерейтойына еліміздің белгілі тұлғаларынан құттықтау хаттар түсіп жатыр. Солардың ішінде қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтің де құттықтау хаты бар. Құттықтау хатта: «Қымбатты ағайындар! Сарыарқаның

- Қазақ халқының сан ғасырлық қатпарлы тарихында есімі алтын әріптермен жазылған өнер майталмандарының басым бөлігі біздің Павлодар облысының еншісінде екені жасырын емес. Бұқар жырау бабамыз, атақты Естай, дүлдүл Иса, күміс көмей әнші Майра, халық өнерін дәріптеген Жаяу Мұса түлеп ұшқан киелі топырақты басып жүрген біз бақыттымыз. Баршамызға белгілі әнші-сазгер Жаяу Мұса Байжанұлының қазақтың музыка өнерінде алар орны ерекше. Ол халықтың дәстүрлі әндерін дәріптеумен қатар, әндердің көркемдік мазмұнын байытып, қазақтың дәстүрлі саз өнеріне көптеген шығармашылық жаңалықтар әкелді. Жаяу Мұса атамыздың бұл жолын тандап, өнер қуып өзге елдерді танылауы қазақ музыка өнері үшін елеулі нәтижеге әрі жаңалық болатын. Қазақтардың арасына көптеген аспаптарды таратып, олардың үндерін ел арасына сіңіре білудің өзін көзсіз батырлық деп білемін, - деді өз сөзінде облыс әкімі Бақытжан Сағынтаев. Сондай-ақ, аймақ басшысы дала дүлдүлінің өзге елдердің өнері мен мәдениетін қазақ арасына таратуынан мол өнеге алып, келешек ұрпаққа үлгі ету ұлағатты іс екенін алға тартты. Еңбекшілердің қайғы-қасіретін, мұң-мұқтажын сезіне біліп, оларға ыстық ықыласын танытқан Жаяу Мұса - барша қазақтың қамқоршысы. Оның әйгілі «Ақ сиса» және басқа да белгілі әндері жылдардан жылдарға өнеге болар асыл мұра екенін жеткізді аймақ басшысы. Облыс әкімі Б.Сағынтаев байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі. Байқаудың салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан халқымыздың ардақты азаматтары Ғалым Жайлыбай, Әнес Сарай, Қайрат Байбосыновтар жұртшылық алдында сөз сөйлеп, Жаяу Мұса өмірі туралы қызықты мәліметтерді баян етті. Жаяу Мұса Байжанұлының шығармашылығы мен өмірін зерттеуші Ғ.Жайлыбай Павлодар облысы әкіміне әнші-композиторға арнап шығарған кітаптар сериясын тапсырды. Жаяу Мұса мұрасын ұлықтап жүрген ол көрермендерге «Жаяу Мұса ауылы» атты туындысын оқып берді. «Жаяу Мұса мұрасы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Себебі оның мұрасында бүкіл халықтың өмірі мен өнері жатыр», - деді өз сөзінде Ғ.Жайлыбай. Ал белгілі жазушы Әнес Сарай болса қазақтың әншілік өнерін әспеттеген Жаяу Мұса өз заманының нағыз көріпкелі деп баға берді. Жазушы оның шығармаларында қазіргі заманның белгілері бар екенін алға тартты. «Жаяу Мұса әндерінде орыстың көп сөздері кездеседі. Бұл оның көп оқығандығын көрсетсе, енді бір жағынан болашақ ұрпақтың осылай сөйлейтінін



айғақтағандай», - деді ол көпшілік алдында сөйлеген сөзінде. Қазақтың дәстүрлі әндеріне қамқоршы болып, оларды ұрпақ санасына сіңіре білген белгілі әнші Қайрат Байбосынов:

Шұрайлы жер жәннаттарының бірі қасиетті Баянауыл жерінде қазақтың небір ірі тұлғалары өмірге келген. Бабамыз Олжабай батыр, атақты әншілер Майра, Естай, бертін келе Қаныш

дәстүрлі әндер байқауының ашылу рәсімінде Естай атындағы халықтық ұлттық аспаптар оркестрі, «Бау, жігіттер!» халықтық фольклорлық ансамблі өнер көрсетіп, белгілі әншілер Асылбек Сапарбек пен Дина Назарбекова Жаяу Мұса әндерін орындады.

Жарысқа қатысушылардың қатарына Солтүстік Қазақстан облысының үміткерлері қосылып жатқанын жақсылыққа жорыды қазылар алқасы. Аймақтық байқауға Қазақстан Республикасының халық әртісі Қайрат Байбосынов, «Шаңырақ» халық шығармашылығы мен мәдени-сауық орталығының директоры Ермұрат Тілегенов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ұстаз, Қарағанды қаласының өкілі Мейірхан Адамбеков, ҚР мәдениет қайраткері, әнші Ербол Айтбаев және республикалық дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты, әнші Медғат Манапов төрелік етті. Жалпы байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар үш әннен орындады. Бұл ретте оларға Жаяу Мұсаның әндерін және өзге де халықтық әрі дәстүрлі әндерді шырқау міндеті жүктелді. Екінші кезеңге үздік он қатысушы шығып, олар өз кезегінде Жаяу Мұсаның бір әнін және дәстүрлі бір әнді орындады. Байқаудың қорытындысы Баянауыл ауданы Мойылды шатқалында өткен дүбірлі тойда белгілі болды.

Қатысушыларды ҚР халық әртісі Қ.Байбосынов марапаттады. Атақты әнші сазгер Жаяу Мұсаның 175 жылдық мерейтойына арналған аймақтық дәстүрлі әншілер байқауында баянауылдық өнерпаздар А.Амантайұлы, Ж.Майкенова, Б.Ахметов «Алғыс хаттармен» марапатталды. Қали Байжанов атындағы арнайы жүлдеге қарағандылық Е.Омаров ие болса, қызылжарлық Е.Қарпықов Жарылғапберді Жұмабаев атындағы арнайы жүлденің иегері атанды. Бісімілжә Балабеков атындағы арнайы жүлдеге павлодарлық Ж.Рахат лайық деп танылды. Байқаудың дипломант атағымен Ө.Ботаева (Павлодар қаласы), Д.Назарбекова (Астана қаласы) және О.Сұрағанов (Петропавл қаласы) марапатталды. Байқаудың үшінші жүлдегері әрі лауреаты атағына астаналық Н.Әділхан ие болды. Ал павлодарлық С.Жакупова байқаудың екінші орнын және лауреат атағын еншіледі. Бірінші орын және лауреат атағын баянауылдық Б.Әбілдин қанжығасына байлады. Жаяу Мұсаның 175 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған аймақтық дәстүрлі әншілер байқауының бас жүлдесі мен лауреаты атағына елордалық С.Мұхамеджанов ие болды. Сондай-ақ, баянауылдық кәсіпкерлер тағайындаған әнші, композитор Жүніс Темірбек атындағы арнайы жүлде павлодарлық Ө.Ботаеваға бұйырды. Жабай Тоғандықов атындағы арнайы жүлдемен астаналық өнерпаз Д.Назарбекова марапатталды. Байқауға қатысушылардың барлығы ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Фархат ӘМІРЕНОВ.**  
Суреттерді түсірген  
Төлеген НҰРПАЗЫ.

*(Жаяу Мұсаның 175 жылдығына орай Баянауылда өткен мерейтойлық шара туралы есепті газетіміздің 3-бетінен оқысыздар)*

Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов секілді ғұлама ғалымдар мен өнер қайраткерлері. Солардың ішіндегі ең шоқтығы биік өнерпазы атақты әнші, халық композиторы Жаяу Мұсаны білмейтін қазақ жоқ десе де болады. Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнін бұрын да, қазір де тіпті өзіміз де айтып өттік. Ақынның «Сұрша қыз», «Хау-лау» және басқа да әндері осы күндері халық арасында кең айтылуда. Жаяу Мұса атамыздың осы аталып отырған 175 жылдық мерейтойы қайырлы, құтты болсын, ағайын! Ол кісінің жолын қуған өнерлі, ерелі жастар қатары көбейе берсін. Сарыарқаның інжу-маржаны іспетті жер сұлуы Баянауыл өлкесі өркендеп, гүлдей берсін дей келе, оның халқына мол бақыт, ырыс, береке тілеймін. 23 қыркүйек, 2010 жыл. Париж, Франция» деп жазылған өкен.

Байқауға Қазақстанның батыс, шығыс, солтүстік аймақтарынан арнайы келген Жаяу Мұса ұрпақтары атынан сөз алған Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Арман Қани өз кезегінде байқауды ұйымдастырған Павлодар облысы әкімдігіне әнші ұрпақтарының зор алғысын білдірді. Сондай-ақ, аймақтық

